

Сырым ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 28-14 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 31 желтоқсанда № 7484-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33110 болып тіркелген) сәйкес, Сырым аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сырым аудандық мәслихат төрағасы

Ш. Дуйсенғалиева